



БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 22 тамыз

Костанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 406

г. Костанай

**Орта білім беру ұйымдарында
2022-2023 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022 - 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2. Аудандар мен қалалардың білім бөлімдері, облыстық мекемелердің басшылары ұйымдасқан жаңа оқу жылының басталуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ басшының орынбасары Ибраева Айман Елемановнаға жүктелсін.

Басшы



З. Байменова

З. Байменова